 3-4 СЫНЫПТАР 3-4 СЫНЫПТАР

## ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

**1. Ұлыбританияның қазіргі билеуші патшайымы қай династияға жатады?**
A. Виндзор
B. Тюдор
C. Стюарт

**2. Ұлыбритания қарулы күштерінің бас қолбасшысы кім?**
A. Королева
B. Қорғаныс министрі
C. Премьер-министр

**3. Ағылшын тайпалары Британия аралдарына мына жерде орналасқан аумақтан қоныс аударған**
A. Ютландия түбегінде
B. Гренландия аралында
C. Исландия аралында

**4. Мына тайпалардың қайсысы кельттерге жатады?**
A. Ағылшындар
B. Бриттер
C. Сакстар

**5. Артур патшаның қылышы қалай аталады?**
A. Аскалон
B. Дюрендаль
C. Эскалибур

**6. Қай ағылшын патшасы біраз уақыт тұтқында болған?**
A. Генрих VIII
B. Георг I
C. Жаужүрек Ричард I

**7. Мына сөздерді қай ағылшын патшасы айтқан: «Атты, атты әкеліңдер! Атқа жарты патшалығымды берем!»?**
A. Жаужүрек Ричард I
B. Ричард II
C. Ричард III

**8. Королева Елизавета I Ф. Дрейкті рыцарлыққа қай кемеде көтерді?**
A. «Сұр ат»
B. «Күміс бұғы»
C. «Алтын марал»

**9. Өз елінің парламентін мойындағысы келмеген, азаматтық соғыста жеңіліс тапқан және жендет қолынан қаза болған патшаны атаңыз?**
A. Ричард III
B. Карл I
C. Карл II

**10. Тарихта Ұлыбританияны бір ғасыр бойы «викториандық» деп неліктен атаған?**
A. Виктория патшайымның құрметіне
B. Британия әскерінің жеңісі құрметіне
C. Әулие Виктордың құрметіне

## ӘДЕБИЕТ

**11. Үндістан – қай жазушының көптеген шығармаларындағы оқиғалар өткен жер.**
A. В. Скотт
B. Р. Киплинг
C. Ч. Диккенс

**12. Р. Киплингтің «Джунгли кітабы» кейіпкерлері отты қалай атаған?**
A. Қызыл Гүл
B. Ыстық Гүл
C. Ажал Гүлі

**13. Л. Кэрролдың Айна сыртындағы әлемде бір орында тұру үшін не істеу қажет?**
A. отыру
B. алды-артына қарамай жүгіру
C. секіру

**14. Алиса Теңіз кадрилін бастау үшін жағалауды неден тазарту керектігін білді?**
A. тасбақалардан
B. медузалардан
C. лобстерлерден

**15. Қызыл айыр патшайым ұйымдастырған крокет ойынына қандай құстар қолданылды?**
A. Қоқиқаз
B. Көкқұтан
C. Ақ ләйлек

**16. Қай кейіпкердің айтуынша, перизаттар бала күлкісінен пайда болған.**
A. Қалпақшы
B. Бильбо Бэггинс
C. Питер Пэн

**17. Есек Иа-Ианың сүйікті түсі қандай?**
A. Жасыл
B. Қызыл
C. Көк

**18. Пятачоктың айтуынша, оның атасының аты...**
A. Александр
B. Сомерсет
C. Вильям

**19. Мына патшалардың қайсысы М. Твеннің «Ханзада мен қайыршы» повесінің кейіпкері – ханзаданың әкесі болған?**
A. Эдуард VI
B. Генрих VIII
C. Генрих VII

**20. Елсіз аралға тап болғанға дейін Р. Крузо кім болған?**
A. Эссекстегі ағаш шебері
B. Йорктегі теңізші
C. Хэмтонширдегі ұста

## ҚЫЗЫҚТЫ ФАКТІЛЕР

**21. Сәулетші К. Рен өзінің жобасы бойынша салынған қай шіркеуде жерленген**
A. Әулие Петр шіркеуі
B. Вестминстер шіркеуі
C. Әулие Павел шіркеуі

**22. Биг Беннің тілін қай монетамен түзетеді?**
A. 1 фунт
B. 1 пенни
C. 1 шиллинг

**23. Нұсқалардың бірінде Ұлыбритания аралы қай заттың арқасында Альбион – өзінің ең көне атауларының біріне ие болған.**
A. Бор
B. Қар
C.Тұман

**24. Аталған елдердің қайсысы Ұлыбританияның бөлігі болып табылмайды?**
A. Исландия
B. Шотландия
C. Уэльс

**25. Англиядан басқа, қай елде Лондон қаласы Темза өзенінің бойында орналасқан?**
A. Австралия
B. АҚШ
C. Канада

**26. Шотландияда ерлердің ұлттық киімінің бір бөлігі...**
A. капор
B. жамылғы
C. килт

**27. Аңыз бойынша, қай құс Тауэрден кетсе, британдық монархия жойылады екен**
A. Жапалақ
B. Қарға
C. Сұңқар

**28. Ұлыбритания монархы мыналарға кіруге құқығы жоқ**
A. Парламенттің жоғары палатасына
B. Парламенттің төменгі палатасына
C. полиция штаб-пәтеріне

**29. Қайпатшайым билік құрған дәуірде әлемде ең алғашқы метро ашылған болатын**
A. Виктория
B. Елизавета II
C. Анна

**30. Нұсқалардың бірінде Робин Гуд өз лақап атын қай себеппен алды делінген**
A. ол садақпен жақсы ататын
B. оны бәрі жақсы адам санаған
C. ол капюшон киіп жүретін

## НАЗАР АУДАРАРЛЫҚ ОРЫНДАР

**31. Үш тас шеңберден тұратын бұл діни кешен Англияның оңтүстігінде, Уилтшер графтығында орналасқан**
A. Бархнауз
B. Мидхау
C. Эйвбери




**32. Қай қорғану бекінісі Англияны Солуэй-Ферт шығанағынан Тайн өзені сағасына дейін кесіп өтеді?**
A. Аврелиан қабырғасы
B. Адрианов дуалы
C. Траян дуалы




**33. Қайқамалдың аумағында Ақ мұнара, Қанды мұнара, Сатқындар қақпасы, Бошамп мұнарасы орналасқан?**
A. Лондон Тауэр
B. Эдинбург қамалы
C. Виндзор қамалы

33



**34. Қай сарай Королева Елизавета II Шотландиядағы ресми резиденциясы болып табылады?**
A. Букингем сарайы
B. Бадминтон-хаус
C. Холируд сарайы

34



**35. Бұл әлемге әйгілі мұражайдың орналасқан жері...**
A. Травальгар алаңы
B. Пикадилли
C. Бейкер-стрит

35



**36. Бұл сарай мына атаумен де белгілі**
A. Парламент ғимараты
B. Британия мұражайы
C. Король резиденциясы



**37. Бұл мұражай әлемдегі ең ірі археологиялық мұражайлардың бірі болып табылады**
A. Мадам Тюссо мұражайы
B. Корольдік академия
C. Британия мұражайы



**38. Ұлыбританияның ең көне университеттік мұражайы қай оқу орнында пайда болған?**
A. Эдинбург университеті
B. Кембридж университеті
C. Оксфорд университеті



**39. Британдық монархтардың резиденциясы қалай аталады?**
A. Сент-Джеймс сарайы
B. Букингем сарайы
C. Вестминстер сарайы



**40. Осы ғимараттың кейбір тастарының өз атаулары бар. Олардың арасында Өкше және Альтар атаулары кездеседі**
A. Стоунхендж
B. Барнхауз
C. Эйвбери



## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ
## КЕСКІНДЕМЕ

**Берілген картиналар қалай аталады?**

**41.** A. «Вестминстер сарайы»
B. «Әулие Павел шіркеуі»
C. «Епископ бағынан Солсбери шіркеуіне қарағандағы көрініс»





**42.** A. «Карнарвон қамалы»
B. «Лондон Тауэр»
C. «Стерлинг қамалы»

3-4 СЫНЫПТАР

**43.** A. «Саффолкадағы пейзаж»
B. «Күзгі Гайд-парк»
C. «Патша бағы»





**44.** A. «Наубайшының қызы»
B. «Асшаян ұстаған қыз»
C. «Актриса Сара Сиддонс»

**45.** A. «Жетім»
B. «Тастанды бала»
C. «Су тасқыны»



## ЕСКЕРТКІШТЕР

**Берілген иллюстрацияларда кім бейнеленген?**

**46.** A. Робин Гуд
B. Ланселот
C. Гай Гисборн





**47.** A. Ч. Диккенс
B. В. Скотт
C. У. Шекспир



**48.** A. А. Веллингтон
B. Г. Нельсон
C. У. Черчилль



**49.** A. Ш. Холмс
B. А. Конан Дойл
C. Дж. Ватсон



**50.** A. А. Веллингтон
B. Г. Нельсон
C. У. Черчилль

«НӘТИЖЕЛІ ОҚЫТУ ИНСТИТУТЫ» ҒББ
«НӘТИЖЕЛІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖШҚ

ӘЛЕМДІК КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ БОЙЫНША ОЙЫН КОНКУРСЫ

# ЗОЛОТОЕ РУНО

3-4 СЫНЫПТАР



## ҰЛЫБРИТАНИЯ

“THE LAND OF HOPE AND GLORY”

17-20 АҚПАН 2012

2012 жылғы «Золотое руно» ойын конкурсы Ұлыбританияға арналады. Конкурстық тапсырма тақырыптық бөліктерге бөлінген 50 сұрақтан тұрады. Сұраққа жауап беру үшін ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдау қажет.

Жауапты таңдау үшін жауаптар бланкінде таңдап алынған нұсқаның тұсына белгі қою қажет. Жауапсыз қалдырылған сұрақ дұрыс емес деп есептеледі.

Жауаптар бланкін толтырғанда мұқият әрі ұқыпты болыңыз. Олар компьютерге салынып өңделетіндігін естен шығармаңыз, сондықтан қандай да бір түзетулер мен жөндеулер ақпаратты бұрмалау болып табылады. Толтыру үлгілері бланктерде берілген.

Конкурс туралы ақпарат www.runodog.ru. сайтында жарияланған. Дұрыс жауаптары 2012 жылдың наурыз айында жарияланады.

Сәттілік тілейміз!